ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 21 қазан № 7119-24-00-2/13074 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Искалиева, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алатау» республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«BERGEN GROUP» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Құдайберген Хұрметбек

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алатау» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «BERGEN GROUP» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Құдайберген Хұрметбекті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «BERGEN GROUP» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Құдайберген Хұрметбек мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «BERGEN GROUP» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Құдайберген Хұрметбектен талап қоюшы Қазақстан Республикасы ішкі істер

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 21.10.2024

Министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алатау» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 6 336 (алты мың үш жүз отыз алты) теңге тұрақсыздық айыбы және 191 (бір жүз тоқсан бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «BERGEN GROUP» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Құдайберген Хұрметбектен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

Көшірме дұрыс
Судья А.С.Искалиева

Анықтама: Шешім заңды күшіне 28 қараша 2024 жылы енді.

Судья А.С.Искалиева

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 21.10.2024
Заңды күшіне енгізілді: 28.11.2024, судья Алимбетов А. С., 28.11.2024
7119-24-3-1/12447